

Ә. А. Сапарова

## ТІЛ БІЛІМІНДЕ ӨРІС ТЕОРИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Өріс теориясы тіл біліміне көптеген көзқарастармен 20 ғасырда пайда болды. Тіл білімінде өріс терминін ең алғаш қолдаған Г.Ипсен болса, ал лексиканы семантикалық өрістер арқылы зерттеудің теориялық негізін салушы Й. Трир болды. Ғалым өзінің ғылыми зерттеу еңбектерінде сөздік құрамның белгілі бір ұғымға топтасқан және бір – бірімен тығыз байланыста болатын сөздердің тобынан құралатындығын атап көрсетті. Ол сөздің жеке тұрып ешқандай мағынаға ие болмайтындығына, оның мағынасы тек өріс құрамында ғана анықталатындығына назар аударды. Ғалымның бұл теориясы сынға түссе де, лингвистика саласындағы сәтті қадамдардың бірі болып, басқа ғалымдардың осы мәселеге қызығушылығын арттырды. Й. Трирдің бұл идеясын кейіннен В.Порциг, А.Мартине, А.В.Суперанская, Г.С.Щур, А.М.Кузнецов, Ю.Н.Караулов, Ю.Д.Апресян сияқты ғалымдар жалғастырды.

Тіл білімінің теориялық, әдістемелік жағынан қалыптасуы мен дамуына, тілдегі лексика – семантикалық топтарды салыстыра, салғастыра зерттеуде отандық ғалымдарымыз М.М.Копыленко, А.Е.Карлинский, С.С.Құнанбаева, С.Е.Исабеков, М.Т.Сабитов, Б.Қ.Қалиев, З.Қ.Ахметжанова, Қ.Т.Рысалды, Т.Аяпова және т.б. қосқан үлестері зор.

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте өріске – «совокупность языковых (гл.обр.лексических) единиц, объединенных общностью содержания и отражающих понятийное, предметное или функциональное сходство обозначаемых явлений» деген анықтама берілген.

«Өріс» ұғымы тіл ғылымында тілдің әртүрлі деңгейіне жататын, бірақ бірыңғай мағыналарды білдіретін тіл бірліктерінің жиынтығы ретінде түсіндіріліп, сол бірліктердің өзара байланысын көрсетеді.

Өріске берілген анықтамаларда оның төмендегі ерекшеліктері атап көрсетіледі:

1) өріс жүйелі қатынастар арқылы бір – бірімен байланысқан тіл деңгейіндегі құралдардың жиынтығы;

2) өрісті құрайтын әртүрлі тіл құралдары қандайда бір ортақ мағынаға ие болады;

3) өрістің тек қана ортақ бір мағынасы емес, бір біріне қарама қарсы екі мағынасы болады;

4) өріс көлденең және тік кесінді түрінде көрсетуге болатын күрделі құрылымнан тұрады.

Өрістің көлденең кесінді бойында оның семантикалық түрлері – микроөрістер, ал өрістің тік кесінді бойында оны құрайтын тілдік құралдар жатады. Сондай – ақ лексика – семантикалық өрістерді лексика – семантикалық топтар ретінде қарастырған ғалымдар да бар, А.Уфимцева, Ю.Н.Караулов, А.Е.Карлинский т.б. Олардың пікірінше лексика – семантикалық өріспен лексика – семантикалық топтардың бір – бірінен еш айырмашылықтары жоқ, олардың екеуіне де тән құбылыс олардың ортақ мағына арқылы топталулары, бір өріс аумағында қолданылулары.

Лексика немесе сөздік құрам қайсы тілдің болса да барлық сөздерінің тұтас жиынтығын қамтиды. Өмірдегі болған семантикалық құбылыстар мен заттардың бәрі де белгілі бір сөздермен аталады. Тілдің лексикалық құрамы оның басқа салаларының қай – қайсысынан болса да өзгеріске бейім тұрады. Сөздік құрамның тілдік категориялар ішіндегі ең бір өзгерімпаз, дамығыш болатын себебі, ол адамдардың қоғамдық өмірінің барлық саласымен бүкіл тіршілігімен тікелей байланысты, қоғам өміріндегі өзгерістерді, жаңалықтарды тез қабылдайды және тікелей атап көрсетеді.

Ш.Құрманбайұлы «Лексемаларды талдауда ұғымдық өріс, лексикалық өріс деп жіктеп және алғашқысында басқа назар аударғаннан гөрі оларды тұтастыққа, бірлікте қарастырған дұрыс» деген пікір айтады.

Лексика – семантикалық өріс – бұл қандай – да бір жалпылаушы (интегралды) белгілері бойынша біріккен, яғни мағыналарының ортақ компоненттері бар тілдік бірліктердің жиынтығы.

Ю.Н.Карауловтың айтуынша лексика – семантикалық өрісте лексикологияның синонимия, антонимия, полисемия және сөз бен ұғымның арақатынасы сияқты қатынастар байланысып жатыр.

Жалпы тіл білімінде «өріс» теориясы тілдің барлық деңгейлеріне қатысты қолданылады: лексикалық топтар немесе парадигматикалық өрістер. Лексикалық жүйені зерттеу семантикалық өріс пен мағыналық құрылымды анықтаудың бірден – бір мүмкін жолы болып табылады. Лексика жүйесіндегі лингвистикалық, экстралингвистикалық белгілері бойынша топтасатын сөздер тобы лексика – семантикалық өріс ретінде қарастырылады. Ол туралы ғалым В.А.Москович:

«Өрістік құрылым – тілдің лексика – семантикалық жүйесінің негізгі ұйымдасу принципі», – дейді.

Семантикалық өріс теориясы лингвист ғалымдар арасында үлкен пікірталасқа түссе де, тіл білімінде әлі ле болса өз шешімін толық таппаған.

«Өріс – мағына ортақтығының негізінде біріккен және білдіріп отырған құбылыстарының ұғымдық, заттық немесе қызметтерінің ұқсастықтарын бейнелейтін тілдік бірліктердің жиынтығы болса, лексика – семантикалық өріс екі жолмен – ұғым және сөз арқылы анықталады. Мағына арқылы сөз семантикалық өрісті құрайды. Ұғым қатынастың екі үлкен түрі: «бар болу» мен «болу» қатынасы арқылы бірігіп, оған төрт қатынас енеді:

1. мәндес сөздер (синонимия: әдемі – сұлу);

2. қарама – қарсылық (антонимия: қатты – жұмсақ);

3. гипер – гипонимиялық қатынас (тек түр термині: ағаш – қайың);

4. бір текке енетін түр ұғымы (емен – шырша).

Сөздерді лексикалық – тақырыптық топтарға бөлу заттар мен құбылыстардың қасиеттері мен қызметтеріне негізделеді. Мәселен, жиһаз атаулары, киім – кешек атаулары, дене – мүше атаулары және т.б. Сөздерді тақырыптық классификация жасау заттар мен құбылыстардың тектік (гипероним), топтық (гипоним), түрлік (эквоним) қатынастарына негізделеді. Лексика – семантикалық және лексика – тақырыптық топтардың жалпы ұқсас белгілері де бар. Себебі екеуі де танылған объективті шындықты белгілейді. Лексика – семантикалық топтың тақырыбы, тақырыптық топтың семантикасы болады. Сондықтан семантикалық топ тақырыптық топқа, тақырыптық топ семантикалық топқа кіреді.

Тіл жүйесі – жүйенің қарапайым элементтерінің өзара қатынастарының сипаттарымен анықталатын және осы жүйенің құрылымын білдіретін белгілі бір құрылғыдан, ұйымдардан, реттіліктен тұрады.

Лексика жүйесін лексика – семантикалық өріс тәсілі арқылы зерттегенде, алдымен өрістің құрылымын анықтау және оны айқындап алу негізгі мәселе болып табылады.

Н.И.Букетова тілдің сөзжасамдық жүйесі де өріс түрінде берілуі мүмкін екендігін айтады және семантикалық өрістің принциптерін сөзжасамдық өріс құрылымдауында қолдануға болатынын көрсетеді:

1. Тұтастық (целостность) принципі (das Ganzheitsprinzip). Сөзжасамдық жүйе сөзжасам-

дық бірліктері бар тұтас жүйе болып табылады: түбірлік және сөзжасамдық морфемалар, модельдер, жаңа сөз жасау алгоритмдері.

2. Реттеу, ретке келтіру (упорядоченность) принципі (das Prinzip der Geordnetheit). Бұл принципте сөз жасаушы барлық жүйе өзіне тән бірлікте сипатталады.

3. Өзара анықтау (взаимоопределяемость) принципі (das Prinzip der Wechselbestimmtheit) сөз жасаушы мағына аффикстермен, мысалы, бір нәрсені кішірейтіп көрсету - *chen* немесе - *lein* суффикстері арқылы берілуі мүмкін.

4. Шекараның еркінділігі (произвольность границ) принципі (das Prinzip der Wohlgeschiedenheit) сөзжасам жүйесі шекарасының тұрақсыздығында. Зерттеуші таза сөзжасам құбылысына қатысты сапалық және зерттеу аралығына, синхрония мен диаронияға қатысты, сандық параметрлерін өзі анықтайды.

5. Тұтастық (сплошность) принципінде (das Prinzip der Luckenlosigkeit) бір жағынан, бұрын дәстүрлі түрде ескертпеге кірген сөз жасау жүйесіндегі құбылыстан тыс, екінші жағынан сөзжасам анализінің барлық әдістері мен сөзжасам бірліктерін қолдануға болады.

Ю.Н.Караулов семантикалық өрісті екі жолмен: ұғым арқылы (ономасиологиялық тұрғыда) және сөз мағынасы арқылы (семасиологиялық тұрғыда) анықтауға болатынын атап өтеді.

Тілді сипаттаудың өрістік принципін лексикалық мағынаны сипаттау үшін қолданады. Өріске енетін сөздерге төмендегідей белгілер тән:

1. Өріс ішіндегі сөздер бір – бірімен жүйелі байланыста болады.;

2. Өрісті құрайтын элементтердің жалпы мағынасы бірдей болып келеді және олар тілде бірдей қызметте жұмсалады;

3. Өріске біртектес және әр тектес элементтер ене алады.

4. Өріс кемінде екі парадигматикалық қатардан тұратын элементтерден құралатын микро-өрістерге бөлінеді.

5. Өріс құрамында орталық және шеткері аймақтар болады. Олардың шегі қай кезде нақты болмайды;

6. Бір өрісте орталық аймаққа жататын элемент басқа өрісте шеткері аймаққа жатуы мүмкін.

Тақырыпқа арналған ғылыми еңбектерді зерделей келе, қазіргі тіл білімінде семантикалық өріс теориясын зерттеу жұмыстарының саны күннен күнге артып отырғанымен өріс ұғымына берілген нақты ереже және лексика – семантикалық өріс терминін қолдануда бірізділік жоқ екенін аңғарамыз. Осы тақырыпқа негізделген

жұмыстарда лексика – семантикалық өрісі әр түрлі ұғымдарды қамтиды.

Семантикалық өріс – тематикалық қатарды түзейтін сөз бен сөз тіркестерінің жиынтығы, өзінің жиынтығы арқылы белгілі бір саланы қамтитын сөздер мен сөз тіркестері.

Ғ.Хасанов «Семантикалық өріс» деп аталатын мақаласында семантикалық өрісті қарастыра отырып, Ю.Н.Карауловтың еңбектеріне сүйеніп, өріске анықтама беруге тырысады. Ол өріс анықтамасын төмендегідей топтарға бөледі:

1. Лексика – семантикалық жүйенің бірлігі ретінде.

2. Қасиеттері бойынша.

3. Ішкі ұйымдасу принциптері бойынша.

Лексика – семантикалық топтың мүшелері арасындағы парадигматикалық байланысты анық көру үшін ғалымдар компонентті талдау әдісін жиі қолданады. Бұл әдіс бойынша сөз мағыналары бірнеше ұсақ элементтерден – семалардан тұрады деп есептейді. Сема (грек сөзі – белгі) – мағынаның әрі қарай бөлінбейтін заттардың, болмыс құбылыстардың әр түрлі қырлары мен қасиеттерінің тілдегі қарапайым көрінісі.

Тіл білімінде сема терминімен бірге семема, семантикалық көбейткіш, мағыналық компонент сияқты терминдер де қолданылады. О.С.Ахманова сема терминіне екі түрлі мағына береді: 1. парадигмалық қатар мүшелерінің мағыналық жүйесінің ең кіші элементі. 2. Сөз мағынасы, оның заттық мазмұны. Ал семема терминіне 1. Жүйенің варианты. 2. Синтагмалық қатарға түсіп басқа сөздермен байланысатын мағынаның ең кіші элементі.

З.М.Кульпейсова диссертациялық еңбегін француз, неміс және қазақ тілдері материалдары негізінде «тағам» семантикалық өрісін зерттеуге арнаған.

Жұмыста «тағам» семантикалық өрісі құрылымы әртүрлі үш тілде мағыналық – құрылымдық, сөзжасамдық және лингвомәдени аспектілерде қарастырылады.

Өріс теориясын зерттеген ғалымдардың еңбектерімен таныса отырып, айтарымыз өріс белгілі бір мағынамен шектелетін арнайы сөздер мен сөз тіркесінің жиынтығы, яғни әртүрлі семантикалық байланыстар арқылы ортақ ұғымды құрайтын тілдік бірліктер.

Лексика – семантикалық өріс тақырыбы әлі де қызығушылық пен қолдау табатын тақырыптардың бірі, сол себепті де өріс теориясының мәні мен мағынасы тіл біліміндегі зерттеу жұмыстарының нысанына айналатынына сенімдіміз.

1. І. Кенесбаев, Ғ.Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1960.

2. Ә. Болғанбаев. Қазақ тілінің лексикологиясы. 1978.

3. О.С.Ахманова. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 608 с.

4. Н.И.Букетова. Реликтовая корневая морфема как языковая универсалия. – Алматы: Казахстан, 1994. – 296 с.

5. Ю.Н.Караулов. Общая и русская идеография. – М.: Наука, 1976. – 355 с.

6. А.М. Кузнецов. Проблемы компетентного анализа в лексике. – М., 1980. 60 с.

\*\*\*

В данной статье рассматривается теория поля в лингвистике.

\*\*\*

In this article foundation of theory field in linguistic is scrutinized.

*Мадина Сатыбалдинова*

## ИНТОНАЦИЯНЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН БАҒЫТТАР (ағылшын тіліндегі теориялық материал негізінде)

Интонологиядағы суперсегменттік деңгейдің бірліктері туралы ғылымның қалыптасуы күрделі, әрі ұзақ уақытты қамтыды. Эстетикалық, музыкалық, риторикалық ұғымда интонацияға назар ежелгі заманнан бастау алады. «Интонация» сөзі латын тілінен «intonare» «қатаң, қатты айту». [Тіл білімі сөздігі/Жалпы ред. Э. Сүлейменова. Алматы, 1998, 148-б.]. И.Г. Торсуеваның еңбе-

гінде б.з.б II ғасырда интонацияның тыңдаушыға әсер ету амалы ретінде қарастырылуы туралы мәліметтер бар. Интонацияның теориялық зерттелуі XIX ғасырдан басталады. Г. Суит және Д. Джоунз атты авторлар алғашқы рет интонацияның белгілі бір функция атқаруы жөнінде мәлімет береді. Г. Суит және Д. Джоунзтың айтуы бойынша, интонацияның негізгі